

## ***ЕУРАЗИЯЛЫҚ ПАТЕНТТІК ҰЙЫМ ІШІНДЕГІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ***

**Халықаралық ынтымақтастықтың маңызды саласы Қазақстан Республикасы Президентінің «Еуразиялық патент конвенцияны ратификациялау туралы» 1995 жылғы 18 шілдедегі №2364 Жарлыққа қол қоюы арқылы мүмкін болған Қазақстан Республикасының Еуразиялық патенттік ұйымға (ЕАПҰ) мүшелігімен байланысты.**

Еуразиялық патент конвенцияға 1994 жылғы 9 қыркүйекте қол қойылды. Қазіргі уақытта оның мүшелері – Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Түркіменстан.

Еуразиялық патенттік жүйенің жұмысы әкімшілік міндеттердің орындалуын көздейді. Осы мақсатта конвенция Еуразиялық патенттік ұйымды (ЕАПҰ) құру туралы ережелерді қамтиды. Бұл жүйенің органдары Әкімшілік кеңес және Еуразиялық патенттік ведомство (ЕАПВ) болып табылады. ЕАПВ-ны аталған ұйымның ең жоғары лауазымды тұлғасы болып табылатын және оның атынан өкілдік ететін Президент басқарады.

**Еуразиялық патенттік ұйым тұрақты дамуда. Оның Еуразиялық патенттік жүйені әкімшілендіру жөніндегі табысты тәжірибесі өнеркәсіптік меншік саласындағы өңірлік қорғау жүйесін жетілдіруге ықпал етеді.**

**Мысалы, 2019 жылғы 9 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында 1994 жылғы 9 қыркүйектегі еуразиялық патент конвенциясына өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы қабылдау жөніндегі дипломатиялық конференция өтті.**

Құжатты қабылдау және оған қол қою үшін барлық уағдаласушы мемлекеттердің үкіметтік делегациялары Еуразиялық патенттік конвенцияға қол қойылуының 25 жылдығы күніне орай жиналды.

Отырысқа Еуразиялық патенттік конвенцияға (ЕАПК) қатысушы барлық мемлекеттердің ЕАПҰ Әкімшілік кеңесіндегі Уағдаласушы мемлекеттердің өкілетті өкілдері (олардың орынбасарлары) басқаратын делегациялары, сондай-ақ оның президенті С. Тлевлесова басқаратын ЕАПВ делегациясы қатысты.

Отырысқа байқаушы ретінде ДЗМҰ Өтпелі және дамыған экономикасы бар елдер департаментінің директоры М. Швантнер қатысты.



*Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы қабылдау жөніндегі дипломатиялық конференцияға қатысушылар*

Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы Еуразиялық патенттік ведомство ЕАПҰ-ға қатысушы мемлекеттермен бірлесіп, өңірлік деңгейде өнеркәсіптік үлгілерді құқықтық қорғаудың еуразиялық жүйесін құру мақсатында әзірледі. Бұл хаттама қатысушы мемлекеттерден тыс жерлерде патенттер алу рәсімін оңайлатып, өтінім берушілер үшін әкімшілік және қаржылық жүктемелерді азайтады. Ұқсас жүйе 1994 жылдан бастап өнертабыстарға қатысты қолданылады.

Мұндай жүйені енгізу өтініш берушілерге бірыңғай еуразиялық патентті «бір терезе» форматында ала отырып, ЕАПК-нің барлық мемлекеттерінің аумақтарындағы өнеркәсіптік үлгілерге бір мезгілде құқықтық қорғау ұсынуды көздейді. Қазіргі уақытта ол ҰЗМИ тәжірибесіне табысты енгізілді.

**Еуразиялық патенттік конвенцияға Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы 1994 жылғы 9 қыркүйектегі хаттама** Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 23 қарашадағы №377-VI Заңымен ратификацияланып, 2021 жыл 12 сәуірде күшіне енді.

ЕАПҰ Әкімшілік кеңесінің шешіміне сәйкес 2021 жылы 1 маусымнан бастап ЕАПВ өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер қабылдауды бастады. Бұл күні ЕАПҰ штаб-пәтерінде өнеркәсіптік үлгілерді құқықтық қорғаудың еуразиялық жүйесінің іске қосылуын білдіретін салтанатты рәсім өткізіліп, өнеркәсіптік үлгіге арналған алғашқы еуразиялық өтінім қабылданды.

2021 жылы ЕАПВ Патенттік кооперация туралы шарт (РСТ) аясында халықаралық іздеу органы және халықаралық алдын ала сараптама органы болып тағайындалды. 2021 жылғы 22 қарашада ЕАПВ Президенті С. Тлевлесова және ДЗМҰ Бас директоры Д. Танг ЕАПВ халықаралық іздеу органы мен халықаралық алдын ала сараптама органының қызметтерін орындау тәртібі туралы келісімге қол қойды.

ҰЗМИ қызметінің маңызды бағыты **ЕАПК** қатысушы мемлекеттер аумағында әрекет ететін бірыңғай еуразиялық патент негізінде өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілерді құқықтық қорғаудың өңірлік жүйесіне қатысу болып табылады.

ҰЗМИ жарғысында (51-тармақ), ҰЗМИ тиісті саланың уәкілетті органының тапсырмасы бойынша халықаралық шарттар бойынша жұмыстарды орындайды және Еуразиялық патенттік конвенцияға (Мәскеу, 1994 жылғы 9 қыркүйек) және ұлттық заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық патенттік ведомствосының функцияларын жүзеге асырады.

Қазақстандық өтінім берушілер еуразиялық патент алуға еуразиялық өтінім беру арқылы ТМД-ның көптеген елдерінің аумағында өз өнертабысына қорғау ала алады. Еуразиялық патенттік ведомствода сараптама қорытындысы бойынша берілген еуразиялық патент өтінім берілген күннен бастап 20 жыл бойы қолданылады және Армения, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Түркіменстан сияқты ТМД-ның 8 елінің аумағында күші болады.

Мысалы, еуразиялық патент алудың артықшылығы Еуразиялық патенттік жүйе өнертабыстың қорғалуын бір мезгілде 8 елде алуға мүмкіндік береді; бір сараптамадан өтуді; ісқағаздарын бір тілде (орыс) жүргізуді қамтиды; еуразиялық патент өтінім беруші патентті күшінде ұстау үшін бір жылдық баж төлеген елдерде автоматты түрде қолданылады.

Қазақстан өнеркәсіптік үлгілерді құқықтық қорғаудың еуразиялық жүйесінің қатысушысы болып табылады.

ЕАПҰ Әкімшілік кеңесінің шешіміне сәйкес 2021 жылғы 1 маусымнан бастап ЕАПВ өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер қабылдауды бастады.

Өнеркәсіптік үлгіге еуразиялық патент Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттамаға қатысушы 6 мемлекеттің – Қырғыз Республикасының, Әзербайжан Республикасының, Армения Республикасының, Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасының және Тәжікстан Республикасының аумағында еуразиялық өтінім берілген күннен бастап 5 жыл мерзімге беріледі.

**ҰЗМИ мен ЕАПҰ арасындағы өзара әрекеттесу нысандарының бірі Еуразиялық патенттік ақпараттық жүйені (ЕАПАТАЖ) пайдалану болып табылады.**

2021 жылғы 11 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласында ЕАПВ президенті С. Тлевлесова және ҰЗМИ директоры Е. Оспанов Еуразиялық патенттік-ақпараттық жүйені (ЕАПАТАЖ) пайдалану туралы келісімге қол қойды.

ЕАПАТАЖ-ға тұрақты түрде толықтыратын 30-дан астам жергілікті патенттік дерекқор (ДҚ) қолдау көрсетеді. Бұл дерекқорда патенттік құжаттардың 60 млн. жуық сипаттамасы бар. Жүйеде ЕАПВ, ДЗМҰ, Еуропалық патенттік ведомство, АҚШ, КСРО және Ресей патенттік ведомствосының (1924 жылдан бастап) барлық патенттік құжаттары, ретроспективаның әртүрлі тереңдігіндегі «РСТ құжаттамасының минимумына» кіретін елдердің патенттік құжаттары, сондай-ақ ЕАПҰ-ға мүше елдерді қоса алғанда, ТМД елдерінің ұлттық патенттік ведомстволарының патенттік құжаттары ұсынылған.